

«6D020900 – Шығыстану» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған **Бисенбаева Әсел Пазылбекқызының** «Қазіргі Қытай прозасының өзіндік ерекшелігі мен даму тенденциясы (XX ғ. 80 жылдары – XXI ғ. басы)» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына

ПІКІР

«Мәдени революциядан» кейін ҚХР жаңа қоғамдық қатынастардың орнығуы әдебиет саласына үлкен өзгерістер әкелді. Бұл қытай әдебиетін пішіндік және идеялық тұрғыдан тағы бір сатыға көтерді. Міне, осы тақырып докторант Әсел Бисенбаеваның ғылыми жұмысының негізгі арқауы болып отыр. Диссертант қытай әдебиетінің цифрлық кезеңіндегі жаңа үдерістерге ерекше тоқталған. Қазіргі қытай әдебиетінің шығармашылық өрлеуін бірнеше кезеңге бөліп, әр кезеңнің ерекшеліктерін анықтаған.

Ізденуші ҚХР жаңа әдебиетінің қалыптасуы мен дамуының тарихи жағдайларын, қазіргі қытай прозасының негізгі бағыттары мен жанрларының ерекшеліктерін, образдар жүйесі мен сюжеттегі тартыс сипатын, әртүрлі әдеби ағымдарға жататын қаламгерлердің даралық бітімін, олардың дүниетанымы мен рухани-эстетикалық даму эволюциясын, көркемдік ой-өрісін анықтап, терең талдау жасайды, нақты мысалдармен көмкеріп отырады. Сонымен қатар XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы қытай прозасының тақырыптық-идеялық, рухани-эстетикалық және жанрлық әртүрлілігін бейнелейтін Үй Хуа, Гэ Фэй, Сун Ганлу, Су Тон, Чи Ли, Лю Чжэньюнь, Янь Лянке, Чжу Вэн, Хан Дун, Шу Пин, Го Цзинмин, Хань Хан, Фу Юэхуэй, Чжан Юэчжан, Чун Шу сияқты он бес шақты қаламгердің көркем шығармалары мен эсселері зерттеу жұмысының өзегіне айналған.

Докторант Әсел Бисенбаеваның зерттеу жұмысынан ғылыми негіздермен сипатталған тәжірибелік мысалдар көп кездеседі. Бұл ізденушінің қытай тілін өте жақсы меңгергенін, аудармашылық тәжірибесінің мол екенін айғақтайды. Әсел Бисенбаеваның шығыстану факультетіндегі бірнеше жылғы шығармашылық тәжірибесі қазіргі қытай әдебиетінің үлгілерін кәсіби тұрғыда саралауға, сыншы ретінде бағалау септігін тигізгендігін байқауға болады. Сондай-ақ докторант диссертациялық жұмысына аудармашылар, сыншылар, ғалымдар пікірлерін кеңінен қолданған. Әр тарауда ғалымдар мен аудармашы мамандар пікірін қатар беру арқылы ой топшылайды. Бұл ғылыми жұмыстың құндылығын еселей түседі.

Зерттеу жұмысында қытай прозасының сапалық көрсеткіштеріне байланысты бірнеше кезеңнің статистикалық деректері мен кестелері қамтылған. Бұл ізденушінің докторлық жұмысты жазу барысындағы ізденістерінің нәтижесі. Зерттеу тақырыбына байланысты бірнеше ғылыми мақала жарық көрген. Ондағы зерттеу деректері мен нәтижелері ғылыми жұмыста орнымен көрініс тапқан.

Әсел Бисенбаева диссертациялық жұмысты жазу барысында отандық зерттеушілермен қатар, шетелдік ғалымдардың еңбектеріне арқа сүйеген.

Шетелдік мамандардың қытай прозасына байланысты ғылыми тұжырымдарын орынды пайдалана отырып, өз көзқарасымен ұштастыра білген.


Ғылыми жұмыстың құрылымы рет-ретімен, логикалық жүйемен өзара байланыстырылып жазылған және нәтижелердің ішкі бірлігі толықтай сақталған. Зерттеу жұмысының қорытынды бөліміндегі ұсыныстардың маңызы зор. Диссертанттың талдау, жинақтау, ой қорыту машықтары жақсы және тілі жатық, ұғынықты.

Бисенбаева Әселдің «6D02209 – Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазіргі Қытай прозасының өзіндік ерекшелігі мен даму тенденциясы (XX ғасырдың 80 жылдары – XXI ғасырдың басы)» атты диссертациялық жұмысын қорғауға ұсынуға болады. Ғылыми жұмыс «6D02209 – Шығыстану» мамандығына сәйкес және еңбектің ғылыми нәтижелері «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» талаптарына сай келеді. Сондықтан диссертант Әсел Бисенбаеваға «6D02209 – Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп қорытынды жасауға негіз бар.

Шығыстану факультеті,

Қытайтану кафедрасының оқытушысы, PhD

06.06.2024



Абдырақын Н.